



МУҒРАЖ- ҚАЗАЛЫ

№70
(2241)
Сенбі
17 тамыз
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Әйтеке би кентіндегі Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында «Мерейлі отбасы – 2024» ұлттық байқауының аудандық кезеңінің жеңімпаздарын марапаттауға арналған шара өткізілді.

Шарада аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет байқаудың үздігі атанған отбасыларды құттықтап, лебізін білдірді.

– Қазақ халқы қашанда отбасын сүйіспеншіліктің, құрметпен ынтымақтастықтың киелі ошағы санаған. Сондықтан отбасын әрдайым көзінің қарашығындай қорғап, ар-намысын сақтауға, тәрбиелеуге, өз ұрпағының елге адал қызмет етуіне аса мән берген.

Елімізде 2014 жылдан бері отбасы құндылықтарын нығайту, отбасы мәртебесін көтеру мақсатында «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Ал биыл аталмыш байқауға



ауданымызда 23 отбасы қатысты.

Қазылардың шешімімен жеңімпаз атанған отбасыларды шын жүректен құттықтай отырып, облыстық кезеңде де үздіктер қатарынан көрінуге тілектестігімді білдіремін, – деді аудан басшысы.

Мұнан соң аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет байқауға қатысқан барлық отбасыларды «Берекелі отбасы», «Зияткер отбасы», «Бақытты отбасы», тағы басқа түрлі номинациялармен марапаттап, оларға сый-сияпат табыстады.

Қазалы ауданы бой-

ынша іріктеу кезеңінің қорытындысымен бас жүлде Шәкішевтер отбасына бұйырды. Ал Байқадамовтар отбасы бірінші орын иегері атанды. Екінші орынды Ақниязовтар, үшінші орынды Орақбаевтар отбасы иеленді.

Салтанатты шарада байқауға қатысқан өнерлі отбасылар мен аудан өнерпаздары әннен шашу шашып, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Аталмыш байқауда бас жүлде, бірінші орын иегері атанған Шәкішевтер, Байқадамовтар отбасы Қызылорда қаласында өтетін облыстық байқауға қатысуға жолдама алды.

Айта кетейік, өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы жыл сайын ұйымдастырылып отырады.

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында 2024-2025 жылдардағы жылу беру маусымына дайындық барысы мен «Ауыл аманаты» жобасы бойынша атқарылған жұмыстарды талқылауға арналған мәжіліс өтті.

Мәжілісте жылу беру маусымына дайындық жұмыстары туралы аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаев және аудандағы білім беру мен денсаулық сақтау нысандарының жылу беру маусымына дайындығы туралы аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов, аудандық орталық аурухананың бас дәрігері Бақытгүл Әлішева баяндамалар жасады.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет жылу беру маусымы кезеңінде тұрғындарды сапалы және үздіксіз коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету мәселесі әрдайым өзекті екенін, бұл жөнінде мәселе туындамауы тиіс екендігін айтты. Осыған орай бірқатар жауапты басшыларға дайындық жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруға қатысты нақты тапсырмалар жүктеді.

Алдымен аудандағы көмір тасымалдаушы кәсіпкерлермен меморандумдар жасалып, қатты отын тапшылығының алдын алу қажеттігін ескертті. Сондай-ақ, биылғы жылға жоспарланған әлеуметтік нысандардың бу қазандықтарын газға бейімдеу жұмыстарын жеделдетіп, жылу беру маусымына дейін аяқтау керектігін нақтылады. Аудандағы барлық әлеуметтік-мәдени нысандардың бу қазандықтарының дайындығы, отын қорларының жасақталуы, өрт қауіпсіздік шараларының сақталуы да пысықталуы қажеттігін жеткізді.

Сонымен қатар Әйтеке би кентіндегі көп қабатты тұрғын үйлерге дұрыс жылу берілмей тұрғындардың наразылығын тудырып жүргендігін айтып, тиісті

бөлімдермен бірлесіп, көп қабатты тұрғын үйлердің проблемалық мәселелерін жедел шешуді тапсырды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тапсырмалардың орындалуы мен үйлестіруді жауапты орынбасары Жалғас Сүйеубаевқа тапсырып, қатаң бақылауға алуды ескертті.

Мұнан соң мәжілісте «Ауыл аманаты» жобасының жүзеге асуы мен шағын және орта кәсіпкерлік саласының даму барысы жөнінде аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейтов, аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Ақтілеу Бөріқұлақов қысқаша баяндады.

Хабарламашылардан кейін аудан басшысы Мейрамбек Шермағанбет халықтың табысын арттыруға, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жан-жақты қолдауға, ауыл тұрғындарын аграрлық бизнеске тартуға, азық-түлік қауіпсіздігін және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасының маңыздылығына тоқталып, бұл жөнінде бірде-бір жоба ұсынбаған ауыл әкімдерін қатаң сынға алды. Осыған сәйкес ауыл әкімдері аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімімен бірлесіп, бағдарлама аясында ауылда жүзеге асырылатын, қаржыландыру мүмкіндігі бар жобаларды айқындап, ауылға инвестиция тартуға жұмыс жұмыс істеуі керек екенін айтты.

Ал ауданда шағын және орта кәсіпкерліктегі халықтың үлесі төмен екенін айтып, кәсіпкерлік бөлімі мен барлық әкімдер бірлесіп, халыққа нақты бағыт сілтеп, мемлекеттік бағдарламаларға азаматтарды қатыстырып, кәсіп ашам дегендерге жан-жақты қолдау көрсету керектігін жеткізді.

АУДАН ӘКІМІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРДІ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет аудандық қоғамдық кеңестің алдында есеп берді. Жиынды аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Талайлы Бөріқұлақов ашып, жүргізіп отырды.

Қоғамдық кеңес мүшелері қатысқан басқосуда аудан басшысы 2024 жылдың жарты жылдығында атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы ауқымды жобалар жөнінде әңгімеледі.

- 2024 жылдың 6 айының қорытындысымен барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі бар. Өнеркәсіп өндірісі - 8,0 пайызға, өңдеу өнеркәсібі - 7,6 пайызға, ауыл шаруашылығы - 13,1 пайызға, құрылыс жұмыстарының көлемі - 25,3 пайызға, тұрғын үй - 4,0 пайызға, сауда - 3,1 пайызға артты. Екі жыл бұрын білім саласын есепке алмағанда аудан бюджеті 10,5 млрд. теңгені құраса, бүгінде бюджет көлемі 6,3 млрд. теңгеге артып, 16,8 млрд. теңгеге жетті. Яғни, 60 пайызға өсім бар, - деді аудан басшысы.

Жыл басынан бері атқарылған жұмыстармен алдағы жоспарларды тыңдаған кеңес мүшелері ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, алдағы міндеттерге табыс тіледі.

Өз кезегінде аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет алдағы уақытта халықтың сенімінен шығып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыру бағытында кеңес мүшелерімен бірлесе жұмыс істейтінін жеткізді.

Айта кетейік, басқосуға қоғамдық кеңес мүшелерінен бөлек, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов, аудан әкімі аппаратының басшысы Ринад Тілеп және бірқатар бөлім басшылары қатысты.

Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі

ҰРПАҚҚА ҮЛГІ БОЛҒАН БАСЫҚАРА БАБА

Қазақтың батырлары ел басына қиын-қыстау күн туғанда туған топырағын қасық қаны қалғанша қорғағанына өткен тарих, кешегі сұрапыл заман куә.

Сондай ел қорғаған батырлардың бірі батыр, би, әулие Басықара Құрманұлы. Ол ХVIII ғасырдың бірінші жартысында, яғни 1757 жылы Сыр бойында дүниеге келген.

Халық әңгімелерінде Басықара бабаны батыр, би деп те атайды. Басықараның аталары Жалаңтөс, Ақша атақты батырлар.

Басықара бабамыз жөнінде мәлімет жинай жүріп Қазалы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Назарова Индира Әбілқасымқызымен кездестім. Одан Басықара аулының тұрғыны Разақ Орысбекұлының кітапханада қалдырған жазба мұрағаттарын сұрадым. 2017 жылы «Тұран Қазалы» газетінде жарияланған баспасөз материалдарының көшірмелерін алдым.

Кітапхана директоры Индира құрбым «Басықара бабал есінде» атты кітаптың авторы Кәдірбек Бекетпен кездестірді.

1757-1838 жылдары өмір сүрген Сыр елінің белгілі батыры, биі, әулие Басықара Құрманұлы Хиуа, Қоқан, Ресей басқыншыларына қарсы қазақ халқының ұлт азаттық көтерілісінің белгілі тұлғаларының бірі болған. Батырлығымен, әділ билігімен,



қолбасшылық өнерімен көзге түскен.

-Оның азан шақырып қойған аты - Өтесін. Кейін жеңгелері бас жағы қара болғандықтан, Өтесін аты ұмытылып, Басықара аталып кеткен. Құрманұлы Басықара сөзге шешен, ұстамды, айтқан болжамдары нақты келетін әулие адам болған,-дейді ауыл ақсақалы, Басықара бабаның ұрпақтарының бірі – Елеулиев Жаңабержен ата.

Басықара баба Әлімнің алты баласының ішінде Қарамашақтан тарайды. Қарамашақтың лақап аты – Төртқара, яғни Оразкелді. Ораз, Жаншұқыр, Қараш. Қараштан-Ақпан, Тоқпан. Тоқпаннан-Шобан, Тоғамыс, Сейтқұл. Сейтқұлдан Ақша.

Ақшаның Қанысбике деген әйелінен Шылым туады. Шылымнан Құрман. Құрманнан Басықара туады. Бұл арғы атасы. Ал, Басықараның – Бекмырза, Бәймен, Бержан, Төремұрат, Өтепберген атты балалары болған. Өтепберген – сауатты, шежіре жазған әңгімешіл адам деседі. 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшыраған. Бабаның аты-тегі жайлы Оразымбетов Нағашыбай, Разақ Орысбекұлы, Елеулиев Жаңабержен, Дүйісов Абдол ата-ағаларымыздың сөздері, елаузында жүрген әңгімелер бір-біріне сәйкес келеді.

Деректерге қарағанда Басықара бабамыз Көбек әулиемен өле-өлгенше тату болған. Тарихшы, зейнеткер

Қадірбек Бекеттің айтуынша Көбек Басықарадан 30 жас үлкен. Ол Бәйбек Төртқара, Әйтеке бидің ұрпағы.

Басықара ата ат жақты, кірпігі көзінің үстін жауып тұратын сұсты адам болған.

1840-1841 жылдары өзінің атымен аталатын жерде қайтыс болған. Басықара атаның есімдері «Қазақ-Орыс қатынастары» жинағында кездеседі. Мұрағатта олардың есімдері, атқарған істері жайлы қысқаша дерек жазылған. Мысалы, 1792 жылдың маусым айында билермен бірге Ералы сұлтанның хан болуына қарсылық білдіргендердің ішінде Басықара бидің де есімі бар. Сондай-ақ Ресей мұрағаттарында Есет Көтібарұлы, Кенесары Қасымұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Басықара Құрманұлының ұлт-азаттық күреске қатысқаны жөнінде құжаттар кездеседі. Басықара бабамыздың өлімі туралы әртүрлі деректер бар. Оның бірі-түрікмендер елге келгенде өлді десе, енді бір деректе қарақалпақтармен қақтығысында қаза болды деседі. Және бір деректерде орыс патшалығының тұсында қаза болды деген ақпараттар кездеседі. Ел мүддесі үшін кеудесін отқа салған бабамыз туралы әлі де іздену қажет. Менің мақсатым Басықара бабамыз жайлы деректерді іздеп табу.

Айгүл АҒЫБАЕВА,
Ұстаз, тілші

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – БАРШАНЫҢ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлық қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Ол заңның үстемдігіне, бәсекелестікке, экономикалық даму мен әділ қоғам құруға кедергі келтіреді. Сыбайлас жемқорлықпен күресу – ең алдымен әрбір адамның имандылығы, санасы, жауапкершілігі.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің маңызды қадамдарының бірі қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болып табылады. Бұл мемлекеттік қызметтің барлық салаларында да, күнделікті өмірде де ашықтықты және адалдықты қолдауды білдіреді. Азаматтар өз құқықтары мен міндеттерін білуі және сыбайлас жемқорлық фактілерін байқаған жағдайда әрекет етуге дайын болуы керек.

Сыбайлас жемқорлықпен табысты күресу үшін сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін жазаны қатайтып қана қоймай, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған профилактикалық жұмыстарды жүргізу қажет. Азаматтарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылыққа үйрету, мемлекеттік қызметшілердің әдептілігін арттыру, заңдардың сақталуын қадағалау –

міне, осыған назар аударған жөн.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – бұл қоғамдық мәселе және әрбір адам өзінің әділ және ашық қоғам құруда маңызды рөл атқаратынын түсінуі керек. Өміріміздегі сыбайлас жемқорлықты кешірмеу арқылы біз оны макродеңгейде жоюға алғашқы қадам жасаймыз.

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның іргетасын әлсірететін, азаматтардың билікке деген сенімін жойып, экономикалық өсуді тежейтін дерт. Бұл құбылыспен күресуде заңдар да, қоғамдық институттарда, азаматтардың белсенді қатысуы да басты рөл атқарады. Олай болса, сыбайлас жемқорлықпен күресу тек билік пен қоғамдық институттардың ғана міндеті емес, сонымен бірге әрбір адамның моральдық міндеті. Ал қоғамның дамуына кедергі келтіретін, азаматтардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіретін бұл зұлымдыққа қарсы күресте күш біріктіріп, бірігіп әрекет ету арқылы ғана өзгерістерге қол жеткізе аламыз.

Оңталап МҮСІЛІМ,
«Қызылқұм» ауылдық округінің әкімі

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті, Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінде 8 (724 38) 22-1-51 сенім телефоны жұмыс істейді. Сонымен қатар жоғарғы тұрған орган – Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің 8 (7242) 24-40-76 сенім телефонын назарларыңызға ұсынамыз.

«Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылдың III – тоқсанында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі		
Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, аты - жөні	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен – жайы, қызметтік телефоны
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Калиев Алтынбек Сауытбекович	Әр аптаның жұма күні сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі, №16 8(724 38) 22-1-51

БІЛІМ САЛАСЫНДА ҚОЛТАҢБАСЫН ҚАЛДЫРҒАН БАСШЫ



1981 жылы Жұмабек Құлбаевты Әйтекебикентіндегі Қаныш Сәтбаев атындағы №216 орта мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімі болып жүрген кезінде аудандық білім бөлімінің меңгерушісі Д.Бекішов шақырады. Барған соң Д.Бекішов: «Ауданда «Жа-стар» спорт қоғамы ашылады. Төрағасы өзім, орынбасары сен, аудандық білім бөлімінде дене шынықтыру мен алғашқы әскери дайындық пәндерінің әдіскері боласың», - деп ұсыныс білдіреді.

Ж.Құлбаев аудандық білім бөлімінің әдіскері қызметіне кірісіп кетеді. Ол туралы өз жазбасында: «Ауданда 32 мектепте 68 дене шынықтыру пәнінің мұғалімі бар екен. Олардың 95 пайызының арнайы білімі жоқ. Ол уақытта маман тапшылығынан әскери борышын өтеп келген ер азаматтар дене шынықтыру сабағын жүргізетін еді. Қызметке кірісе сала 32 мектеп пен 2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің материалдық – техникалық базасымен жіті танысып шықтым. Өтеген Балымбетов, Мұрат Қуатбаев, Марат Мамаев, Мұхтар Сәлменов қана сабақтарын өз дәрежесінде жүргізе алады. Қалған мұғалімдер оқушыға бір доп бере салып, жүре береді. Күнделікті сабақ жоспарларын да жаза алмайды. Жылдық оқу бағдарламасын жасауды жолға қойдым. Барлық мектептің базасындағы спорт залдарының қалпына келтірілуіне мұрындық болдым. Әр оқу тоқсаны сайын ауданның дене шынықтыру мұғалімдері бас қосып, бір-бірімен тәжірибе алмасты.» –

дейді Ж.Құлбаев.

1989 жылы Қазалы аудандық білім бөлімінің меңгерушісі М. Қожахметов Ж. Құлбаевты Әйтеке би кентіндегі Ж.Жабаев атындағы №234 мектепке директор қызметіне тағайындайды. Аталған мектеп пайдалануға берілгенімен, мектеп құрылысы сапасыз салынған. Жаңа қызметке кіріскен басшы мектептің әр қабатын безендіру, оқу кабинеттерін жабдықтау, асхананың істен шыққан пештері мен мұздатқыштарын қалпына келтіру, акт залына

жұмсақ орындықтар алу, мектептің жылу жүйесін қалпына келтірумен айналысады. 9 жыл жылымаған мектептің пештерін 10 күнде қалпына келтіргенін мектеп қызметкерлері әлі күнге аңыз етіп айтып жүр. Мектеп жаңынан монша құрылысын салып, мектеп оқушылары мен мектеп ардагерлеріне тегін қызмет көрсетеді.

Жұмабек Құлбаев 1994 жылы аудандық жастар ісі, туризм және спорт басқармасына қызметке ауысады. Зейнет жасына дейінгі соңғы 17 жылда, яғни 2003-2020 жылдары Қазалы қаласындағы №18 балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебінің директоры қызметін атқарды. Бұл мектеп бұрынғы Кеңес дәуіріндегі К-700 тракторларын жөндейтін мекеменің шеберханасы болған. Спорт залына ыңғайлап, жөндеу жүргізілген ғимарат екен. Бұл жерде де басшыны қыруар жұмыс күтіп тұр еді. Ұжыммен жиналыс өткізіп, жаттықтырушылар мен техникалық қызметкерлердің көмегімен кірпіш басып, үлкен ғимаратты бөлмелерге бөліп, жаттықтырушылар бөлмесі, техникалық қызметкерлер, тағы басқа 13 бөлме дайындалды. Осы жұмыстарды атқаруда кезінде Қазалы қаласынан сайланған депутаттар: Имандосов Самұрат Жұманұлы мен Тілеп Ибайдулла Тілепұлының еңбегі зор. Ол кісілер құрылысқа қажетті құм, саз, қамыс, тағы басқа қажетті құрылыс заттарын жеткізіп беруге көп септігін тигізді. Мұндай ағалардың еңбегін ұмытуға болмайды.

Қазалы қаласындағы №8 кәсіптік лицей базасындағы спорт залын сабақтан тыс уақытта сұрап алып, дзюдодан

секция ашып, 11 қыз баланы жаттықтырады. Олардың қатарында болашақ Олимпиада жүлдегері Марина Вольновада бар еді.

Марина бір күні Ж.Құлбаевқа өзінің бокспен айналысқысы келетінін айтады. Сонда бапкері: «Марина! Мен сені бокс секциясына қатысуыңа рұқсат беремін. Бірақ екі шартым бар. Бірі, бокстан әлемді, олимпиаданы бағындыратын болу, екіншісі жеңіске жетпейінше тұрмысқа шықпайсың», - деп Маринаны бокс бапкері Бақытбек Құлбаевтың қолына табыстайды.

Жұмабек аға зейнет жасына жеткен соң, өткен өміріне көз жіберсе, үнемі алдыңғы қатарда болыпты. Мектеп қабырғасында озат оқушы, класының старостасы, институт қабырғасында озат студент, спортшы, өз ортасының көшбасшысы болды. Өз заманында 70 келі салмақ дәрежесінде чемпион, күрестен Қызылорда құрама командасының капитаны, Қазалы ауданының спорт комитетінің төрағасы болды.

Ж.Құлбаев иесіз қалған «Тұлпар» стадионын спорт мектебінің балансына беру туралы сол кездегі аудан әкімі Б.Пұсырмановқа айтып, аудан әкімінің қолдауымен стадион спорт мектебінің балансына беріледі. Стадионға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, күрес, бокс, тренажер бөлмелері ашылып, іші спорт сүйер жасөспірімдермен толығыады. Стадион ауласына ағаштар егіліп, стадион қалпына келтіріледі.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазалыда спорт қоғамы құрылып, төрағасы болып Ж.Құлбаев тағайындалады. Және республикаға тарайтын «Спорт әлемі» газетіне редактор болып, спорт жаңалықтарының жаршысы атанды. Жерлес сазгер Нұрмағанбет Алғашбаев әнін, Жұмабек Құлбаев сөзін жазып «Спортшылар маршы» әні өмірге келді. Ол ән күні бүгінге дейін облыстық, республикалық спорт жарыстарының ашылу, жабылу салтанатында орындалып келеді.

Спортшы ретінде танылған Жұмабек Құлбаев бірнеше кітаптың, бірнеше әннің авторы. Тұңғыш спорт тарихы туралы қазақ тілінде кітап жазған азамат. Қазалы ауданының спорт тарихы туралы «Саңлақтар» кітабы 2005 жылы, «Спортымен атағы асқақтаған Ақмешіт» атты Сыр спортының тарихы туралы кітабы 2006 жылы баспадан жарық көрді. Осы жылы Қуандық Бәкенов туралы «Қазақтың Қуандық палуа-

ны» атты кітап жазды.

Жұмабек ағамыздың еңбектерін ел арасында адамдар көп айтады. Бекбауылда тұратын Рашид деген азамат «Жұмабек палуан. Қазақша күрестен спорт шебері 1977-1978 жылдары республиканың екі дүркін чемпионы. Дзюдо күресінен спорт шеберлігіне кандидат. 1976 дзюдодан Қазақстан біріншілігінің чемпионы, 1979 жылы Ереван қаласында өткен Одақ біріншілігінің жүлдегері. Самбо күресінен спорт шеберлігіне кандидат, 1982 жылы Орал қаласында өткен Қазақстан біріншілігінің жүлдегері. Қызылорда облысының 4 рет түйе палуаны атанды. Күрестің төрт түрін қатар меңгерген облыстағы жалғыз палуан. 1976 жылдан Қазақстан құрама командасының мүшесі.» - деп жазады.

Бекбауыл елді мекеніндегі Қонысбай ата мешітінің имамы Ардақ Әділов 2023 жылы естелік жазған екен: Жерлесіміз Жұмабек Құлбаев ауыл мектебіне түрлі спорт құралдарын алып берді. Бокс секциясын ашып, жеті ай бойы жаттықтырушының айлығын өзі төлеп келді.

Ауылға қажетті құны 360 мың теңге тұратын шлюзді әкеліп қондырып берді. Тағзым алаңын салуға бастан аяқ араласты. Ауыл мешітін жөндеуге 800 мың теңге қаржылай көмек беріп, Қазалыдан қызыл кірпіш жеткізіп берді. Және ұсталарды өзі әкеліп өргізді. Елде болып жатқан іс-шаралардан қалмайды. Елге қамқор болған Жұмабек ағамызға ауыл тұрғындары атынан мың алғыс», - дейді.

Гүлдана Асанова былай дейді: «2023 жылдың 5 қыркүйегі күні Қызылорда қаласындағы Асқар Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде ҚР Ұлттық Олимпиада комитетінің 30 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Іс-шараға ҚР Ұлттық Олимпиада комитеті спорт департаментінің директоры Елсияр Қанағатов қатысып, Қазақстан спортына еңбегі сіңген азаматтарды марапаттады. Марапатқа ие болғандар қатарында Қазалы ауданындағы №18 спорт мектебінің директоры Жұмабек Құлбаев ағамыз да бар».

Осындай ауданымыздың спортында өзіндік орны мен қолтаңбасы бар тұлға Жұмабек Құлбаев «Қазалы ауданының құрметті азаматы» атағына әбден лайық.

**Шарбану
ТОЛЫБАЙҚЫЗЫ,
«Тұран - Қазалы» газетінің
штаттан тыс тілшісі**

● Маманның кеңесі

ВИРУСТЫҚ ГЕПАТИТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Вирустық гепатит сырқаты өзекті мәселелердің бірі. Жұқпалы аурулардың ішінде вирусты гепатиттер ең көп тараған ауруларға жатады. Жиілігі бойынша жедел респираторлы вирусты инфекциялар, жеделішек жұқпалы ауруларынан кейінгі орын алады.

Вирустық гепатит – негізінен бауырдың зақымдалуы мен сипатталатын, берілу механизмдері әртүрлі жұқпалы аурулар тобы. Бауыр – адам ағзасының ең маңызды мүшесі, ол ас қорыту процесіне қатысып қана қоймай сондай-ақ, ағзадағы маңызды «сүзгі» болып табылады.

Гепатиттің қауіпті түрлері В, С көптеген жылдарға созылуы мүмкін және цирроз бен бауыр обырына әкелуі мүмкін.

«В» вирустық гепатиті - қоздырғышы «В» гепатитінің вирусы болып табылатын жұқпалы ауруы, әртүрлі клиникалық нұсқада жүргізіледі (асимптоматикалық тасымалдаудан бауыр паренхимасының бұзылуына дейін). Вирус әр түрлі физикалық және химиялық факторлармен ерекшеленеді. Бөлме температурасындағы сыртқы ортада ВВГ: бірнеше апта сақталуы мүмкін.

«С» вирустық гепатиті - қоздырғышы «С» гепатиті вирустық гепатиттің ең ауыр түрі немесе посттрансфузиялық гепатит болып есептеледі. Бұл инфекция кез-келген адамда дами алады және көбінесе жастарда кездеседі. Ауру өседі. Ауру көбінесе қан арқылы жұғатындықтан, посттрансфузиялық гепатит деп аталады.

Қазіргі кезде барлық донорлық қан міндет түрде «С» гепатитінің бар-жоқтығына тексеріледі.

«В» және «С» гепатиттері вирустарының негізгі берілу жолдары:

- жыныстық қатынас жолымен;
- қоздырғыш енген қанды құю;
- тігінен (вирусты жұқтырған ананың жүктілік кезінде, босанған, емізген уақытта балаға);
- қоздырғыш енген медициналық аспаптарды қолдану;
- вирустық гепатитпен ауыратын науқастардың тұрмыстық заттарын пайдаланған сәтте (тіс щеткалары, майлықтар, ұстаралар).

Қазақстан Республикасында созылмалы вирустық гепатиттер

көбінесе еңбекке қабілетті жас шақта дамитын әлеуметтік ауру болып табылады. Сол себепті елімізде созылмалы вирустық гепатиттің алдын алу, анықтау және оны емдеу бірінші кезекте тұрған мәселелерінің бірі.

Вирустық гепатиттің жіті және созылмалы клиникалық белгісі болады. Жіті вирустық гепатит бірнеше айға дейін созылатын түрі, ал созылмалы вирустық гепатит бауырдың алты және одан да көп айға созылатын қабынған түрі. Созылмалы түрі өз бетімен дамуы немесе емделмеген жіті вирустық гепатиттің жалғасы болуы мүмкін.

Созылмалы вирустық гепатитке бауыр ауруының мына түрлері жатады:

- созылмалы вирустық «В» гепатиті;
- созылмалы вирустық «С» гепатиті.

Созылмалы вирустық гепатиттің көрініс табуы, әдетте, кезеңдік болып келеді. Созылмалы гепатит жасырын күйде (біраз уақытқа дейін) болып, клиникалық байқалмауы мүмкін және оның алғашқы белгілері мыналар болып табылады:

- бауыр көлемінің ұлғаюы;
- іштің ауруы емес жайсыздық (бауыр орналасқан оң жақта);
- оңжақ қабырға астының сыздап ауыруы, майлы тағамның жақпауы және тағы басқа;
- әлсіреу және шаршау;
- тәбеттің болмауы, жүрек айнуы;
- кіші дәреттің күңгірттенуі;
- үлкен дәрет түсінің өзгеруі (ашық бола бастайды);
- терінің және көзағының сарғыштануы (сары ауру);
- «бауыр белгілері» - дене және көз терісінің жұлдызша түріндегі капиллярлардың кеңеюі, «бауырлық алақандар» - алақандардың қызаруы;
- қанұюының бұзылуы, мұрыннан қан кету және көгерулердің оңай пайда болуы.

Вирустық гепатит – емдеп жазғаннан бұрын, алдын алуы оңайға соғатын өте кең таралған қауіпті жұқпалы ауру. Сондықтан, осы белгілер байқалған адам, бірден медицина мамандарына барып қаралуы қажет.

**Қазалы аудандық
санитариялық
-эпидемиологиялық
бақылау басқармасы**

ЖАЛҒЫЗ ТАЛ

Бұрынғы Қазалы қой совхозының №3 фермасының орталығынан бес шақырымдай жерде «Алпар» елді мекенінің тұсында Сыр өзенінің бойына жақын жерде жергілікті тұрғындар «Жалғыз тал» атаған ағаш бар еді. Жалғыз талдың жуандығына екі үш ересек адамның құшағы жетпейтін.

Ол кездері жазғы каникульда бала да болсақ біздерді мал азығын дайындауға пайдаланатын. Оқу жылы басталғанша әйтеуір тыным бермейді.

Ферма басшылары апта сайын мал азығын дайындау барысы жайлы жиналыстарын жалғыз талдың көлеңкесінде өткізетін. Оны әулие тал деп жергілікті халық неге екенін білмеймін қатты құрметтейтін.

«Алпар» елді мекенімен №3 ферма орталығына адамдар ағаш қайықпен қатынайды. Қайықшы азаннан кешке дейін қызмет ететін. Қайықшының үйі де сол жерде. Және Алпардағы жоңышқаға, бақшаға су айдайтын насос тәулік бойы жұмыс істейді.

Жалғыз талдың басына өрмелеп шығып ойнайтынбыз. Бұл талды қай жылдары кім екенін де ешкім тап басып айта алмайтын. Ересек кісілерден қызық көріп сұрасақ, олар бұл тал баяғыдан біздің бала кезімізден бар дейтінде қоятын. Басқа жаққа көшіп кеткендер қыдырып келсе сол жалғыз талға бір соқпай кетпейтін.

Мен ғасырға жуық өмір сүрген Имандосов Жұман қарияның да арнайылап жалғыз талға барғанын көргенмін. Кезінде малға да, жанға да қыста ықпана, жазда көлеңке болған жалғыз талды осыдан жиырма жыл бұрын сол жердің тұрғындарының еріккен бозбалалары өртеп жіберіпті. Қазір орны ғана жатыр. Осыдан үш төрт жыл бұрын сыртта жүрген тумалар келіп көлемді іс-шара өткізіп, дария жағасына палатка тігіп ас берген. Олар да жалғыз талды көргілері келіп өртеніп кеткеніне өкініп орнын ғана көріп қайтыпты.

Бір кездері №3 ферма орталығындағы төрт жылдық бастауыш мектепте оқығандар бірігіп мектебіміздің құлап қалған орнына мұғалімдеріміздің, бірге оқығандардың бір-сыпырасының есімдерін жазып, ескерткіш қойып, ас беріп, бақилық болғандарға құран бағыштап қайтқанбыз. Бала кезіміздің куәсі болған жалғыз талдың өртенген орнына барып оны өртеген еріккен бозбалаларға ренжіп қайттық.

Жалғыз тал көненің көзі сол жерде өмір сүргендер үшін тарихи ескерткіштің бірі де бірегейі болатын. Арада көп жылдар өткізіп барғандардың жалғыз талды іздейтіндіктері сондықтан. Табиғатқа, ескі дүниелерге немқұрайлы қарайтын, отпен ойнайтын бозбалалардың істеген істеріне ренжігеннен басқа шара жоқ.

Өрине жастардың бәріне топырақ шашудан аулақпын.

**Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
Әйтеке би кенті**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.